

Пояснительное письмо

В государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан особое значение имеет дошкольный период развития ребенка как основа успешной подготовки к предстоящей образовательной деятельности.

В этой связи в республике проводится целенаправленная работа по обновлению системы дошкольного образования, ее качественного содержания. В соответствии с реализацией одной из основных задач данной государственной программы государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения приказ №604 от 31 октября 2018 года. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 1 ноября 2018 года №17669.

На основе настоящего стандарта разработан типовой учебный план, обеспечивающий организацию педагогического процесса в дошкольных организациях с учетом возрастных особенностей детей, а также типовая учебная программа. Системное внедрение переходных тем в образовательный процесс обеспечивает эффективное усвоение детьми содержания типовой программы.

Структура перспективного планирования организована по переходным темам, предусмотренным на весь учебный год с сентября по май. Каждая тема изучается в течение месяца.

Образовательная программа в мини-центре согласно типовому учебному плану учебная нагрузка в младшей группе составляет 9 часов. Продолжительность НОК в младшей группе 10-15 минут. КолОбновленный государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения в соответствии с требованиями полностью включен в образовательные области "Здоровье", "Коммуникация", "Познание", "Творчество" и направлен на полное раскрытие возможностей детей. ичество организованной учебной деятельности должно быть не более 3.

**«Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Мектепалды даярлық сыныбы және
«Қарлығаш» шағын орталығының
2022-2023 оқу жылына арналған оқу жоспары:**

Түсінік хат .

Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББ мектебі 2022-2023 оқу жылының оқу жұмыс жоспары 2022 жылғы 29 тамыз №1 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде бекітілді.

Мектепалды даярлық екі сынып:

Қазақ сынып -1

Бала саны-15

Орыс сынып-1

Бала саны -9

Мектепалды даярлық сыныпта ұйымдастырылған іс әрекет ұзақтығы 25-30 минут.

«Қарлығаш» шағын орталығында 2 топ.

Қазақ топ-1,

Бала саны-12

Орыс топ-1

Орыс топта бала саны -15

Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне қарай

Кіші топта -12

Орта топта -4

Ересек топта- 11 тәрбиеленуші тәрбиеленуде.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Мектепке дейінгі мекемелердің негізгі міндеттері:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып ,жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын,оның ішінде инклюзивті орта құру .
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту ,салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру.
- тәрбиеленушілердің қимыл-қошқалыс ,бейімделу ,коммуникативті эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру.
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және

патриотизмге баулу.

-баланың мектепте оқу физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі - Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен 1,2,3 қосымша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

3) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырылады.

Түсінік хат.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың арналған мемлекеттік бағдарламасында алдағы білім беру әрекетіне табысты дайындықтың негізі ретінде бала дамуының мектепке дейінгі кезеңінің мәні ерекше айқындалған.

Осыған байланысты республикада мектепке дейінгі білім беру жүйесін, оның сапалы мазмұнын жаңарту бойынша мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Аталған мемлекеттік бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірін жүзеге асыруға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17669 болып тіркелді.

Осы стандарт негізінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, мектепке дейінгі ұйымдарда педогогикалық процесті ұйымдастыруды қамтамасыз ететін үлгілік оқу жоспары сонымен қатар, үлгілік оқу бағдарламасы әзірленді. Білім беру процесіне өтпелі тақырыптарды жүйелі енгізу балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын тиімді игеруін қамтамасыз етеді.

Перспективалық жоспарлаудың құрылымы қыркүйектен мамырға дейін барлық оқу жылына көзделген өтпелі тақырыптар бойынша ұйымдастырылған. Әр тақырып бір айдың ішінде оқытылады.

Шағын орталықта білім беру бағдарламасы типтік оқу жоспарына сәйкес оқу жүтемесі ортаңғы топта 11 сағатты және 1 Вариативтік компонентпен 12 сағатты құрайды. ортаңғы топта ҰОҚ ұзақтығы 15-20 минуттан. Ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің саны 3 көп болмауы қажет.

Жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талапқа сәйкес «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына берілген сағаттары толық енгізілген және балалардың мүмкіншіліктерін толық ашуға бағытталған.